



## ЕКІ ЕЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Сергей Шойгуды қабылдады.

Кездесуде Қазақстан мен Ресейдің түрлі бағыттағы екіжақты серіктестігі және өңірлік қауіпсіздік бойынша ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сіздің сапарыңыз екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан аса маңызды деп санаймын. Қарым-қатынасымыз қарқынды дамып келеді. Бұл ретте Ресей Федерациясы Президентінің былтыр қараша айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары айрықша мәнге ие. Елдеріміздің экономикалық байланыстары табысты ілгерілеп келе жатыр. 171 жоба бойынша уағдаластыққа қол жеткіздік. Оның ішінде 50-ден астам жоба жүзеге асырудың соңы кезеңіне жетті. Бүгінде Ресей Қазақстан экономикасының негізгі инвесторларының біріне айналды. Мемлекеттеріміздің құқық қорғау органдары, әскери ведомстволарының арасындағы байланыс та ойдағыдай өркендейді деп санаймын. Менің ойымша, Сіздің

сапарыңыз екіжақты ықпалдастығымызға шолу жасап, өзара іс-қимылдың жаңа бағыттары бойынша келісімге келуге онтайлы мүмкіндік береді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинге сәлем жолдады.

Ресей Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы кездесуге және өңірлік қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік жасағаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты.

— Бауырлас халықтарымыздың, елдеріміздің арасында қалыптасқан қарым-қатынасқа үнемі жоғары деңгейде қолдау көрсетіледі. Тауар айналымы мен бірлескен жобалардың ауқымы қомақты. Әрине, біздің байланыстарымыз тек екіжақты қарым-қатынаспен шектелмейді. Біз Шанхай ынтымақтастық ұйымы, ҰҚШҰ, ТМД және ЕАЭО аясында белсенді жұмыс атқарып келеміз. Қазақстанның бастамасымен қолға алынған жобалар табысты әрі белсенді іске асырылып жатыр, — деді Сергей Шойгу.

Кездесуде екі елдің қауіпсіздік саласындағы ықпалдастығының тиімділігін арттыру мәселесі қарастырылды.



## ӨҢІРЛІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Тәжікстанның Сыртқы істер министрі Сироджиддин Мухриддинді қабылдады.

Кездесуде Президент Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы қарым-қатынас барлық бағыт бойынша он қарқынмен дамып келе жатқанын атап өтіп, стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтудың мәні зор екенін айтты.

Мемлекет басшысы былтыр қол қойылған Одақтастық қатынастар туралы шарт Астана мен Душанбенің сан қырлы және табысты ынтымақтастығының маңызды кезеңі болғанын еске салды.

— Біз Тәжікстанмен достыққа құрылған қатынастарды жоғары бағалаймыз. Екі елдің арасында шешімін таппаған ешқандай мәселе жоқ. Қазақстан жұртшылығы бауырлас тәжік халқына ерекше ықылас танытады. Елдеріміз әрдайым бір-біріне қолдау көрсетіп келеді. Бұл екіжақты байланысты белсенді дамытуға ұмтылысымыздан да байқалды, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның қазақ-тәжік ынтымақтастығын арттыруға қосқан теңдессіз үлесіне айрықша назар аударды.

Сироджиддин Мухриддин тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мен Тәжікстан өзара тиімді ықпалдастық орнатқанын, ол бауырлас халықтардың мүддесі үшін достық пен одақтастық рухында ұдайы дамып келе жатқанын жеткізді.

— Тәжікстан Қазақстанмен арадағы бауырластық әрі тығыз байланысты ерекше құрмет тұтады. Сіздің ел — біздің маңызды серіктесіміз. Екіжақты ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша өзара түсіністік бар. Екі ел қатынастары үшін былтыр айтулы жыл болды, ықпалдастығымыз одақтастық деңгейіне көтерілді, — деді министр.

Тәжік дипломаты Қасым-Жомарт Тоқаевқа Президент Эмомали Рахмонның сәлемін жеткізіп, тәжік тарапының Қазақстанмен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге бейіл екенін растады.

Әңгімелесу барысында бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері қарастырылды. Әсіресе, экономика, сауда, транзит, цифрландыру, білім және мәдениет салаларындағы ықпалдастықты нығайту перспективасына айрықша мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сироджиддин Мухриддин өңірлік қауіпсіздік, су-энергетика саласындағы серіктестік, сонымен қатар Орталық Азияның орнықты дамуын қамтамасыз етуді көздейтін бірлескен шаралардың жай-күйін талқылады.

## СЕРТИФИКАТ – СОР, КӘСІПКЕР ҚОР БОЛМАСЫН ДЕСЕК...

Өз кәсіпкерін қолдамаған мемлекетке өзгенің кәсіпкеріне қол жаюға тура келеді. Бұл тұрғыда бизнес те мемлекетқұраушы ұстындардың бірі. Ал жергілікті кәсіпкерлікті қолдаудың қуатты құралы импортталмастыру болса керек. Елімізде ол «қазақстандық мазмұн» аталатын тетік арқылы жүзеге асырылады. Оның аясында өнімдердің отандық екенін СТ-KZ және индустриалдық сертификаттар растайды. Енді Үкімет олардан бас тартпақ. Өйткені бұлар алаяқтық мақсатында жиі қолданылады.

→ 4



## АҒАШ КЕСЕМІН ДЕП АЖАЛ ҚҰШТЫ

Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы мектеп жұмысшысының ағаш кесемін деп ажал құшқаны жұрттың жағасын ұстатты. 51 жастағы техникалық қызметкер Талап Арунов мектеп ауласындағы ағашты бұтаймын деп құлап, көз жұмған.



→ 5

## ЖҰРТ ӘБИГЕР, ЖЕТІСПЕЙДІ ДӘРІГЕР

Бас ауырып, балтыр сыздағанда көпшіліктің дертіне шипа іздеп, сандалатыны рас. Мемлекеттік емдеу мекемелерінде білікті дәрігерлердің жеткіліксіздігінен ақылы емдеу мекемелерінің талбырығын тоздырып жүрген халықтың қарасы көп. Бар тапқан-таянғанын жаны мен тән саулығы үшін, міндетті медициналық сақтандыруға жалақысынан жырмалап ай сайын жарна төлеп тұрса да, ақылы медицинаға жүгінуге мәжбүр. Басқа амалы да жоқ. Түйткілді мәселе көптен бері талай мінберден көтерілгенімен, тоң болып қатқан мәселе жібі қойған жоқ. Керісінше, жыл санап қалыпты әрі үйреншікті жағдайға айналып бара жатқандай көрінеді...

Елорданың тап іргесінде орналасып, «астаналық» облысы аталғанымен, Ақмола облысында да ақ халатты абзал жандар аса тапшы. Жергілікті әкімқаралармен кадрдың жеткіліксіздігін шешуге бағытталған ұмтылыстар болғанымен, «баяғы жартас сол жартас» күйі қалған. Жергілікті бюджет қоржынынан болашақ дәрігер мамандарын оқытуға бөлінген гранттар бірнеше жылдың жүзі болғанымен, өңірдегі кадр тапшылығының түйінін тарката алар емес.

(Жалғасы 5-бетте)

## ЛОТОС ЕНДІ ГҮЛДЕМЕЙ МЕ?

Алматы сияқты тау бөктерінің немесе Көкшетау сынды көкөрай табиғаттың ортасында орналаспаса да, Атырауда табиғаттың талғап берген таңғажайыптары бар. Өркениеттің бірде-бір ізі түспеген Тұздықөл, әлем мойындайтын ғажайып сұлулық – лотос алқабы.



→ 7

13 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



## СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ҚЫТАЙДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев таяуда еліміздегі дипломатиялық миссиясы басталған Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Хань Чуньлинмен кездесті.

Сенат Спикері қазіргі таңда Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас жан-жақты мәңгі стратегиялық серіктестіктің бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткенін атап өтті. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев елші Хань Чуньлиннің дипломатиялық миссиясы екіжақты ынтымақтастықтың жаңа «Алтын дәуірімен» тұспа-тұс келгеніне назар аударып, мұның символдық мәні зор екенін тілге тиек етті және алдағы уақытта көпжақты байланыс одан әрі нығайтуға түсетініне сенім білдірді. Сұхбат барысында қазақ-қытай ынтымақтастығын арттыруда екі ел басшыларының достық қарым-қатынасы шешуші рөл атқарып отырғаны және соның арқасында бүгінде маңызды келісімдерге қол жеткізілгені сөз болды.

«Елдеріміздің басшылары арасындағы тығыз және сенімді диалог стратегиялық серіктестікті нығайту жолында айрықша рөл атқарады. Жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулер мен өзара сапарлардың нәтижесінде маңызды келісімдер жасалды және бірқатар перспективалы екіжақты құжаттарға қол қойылды. Осындай қарқынның арқасында Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас дамудың жаңа «алтын дәуіріне» қадам басып отыр. Біздің басты міндетіміз – Мемлекет басшылары деңгейінде қол жеткізілген уағдаластықтарды

тиімді іске асыруға ықпал ету», – деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесуде тараптар жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша Қазақстан мен Қытайдың ұстанымдары ұқсас екеніне тоқталды. Сондай-ақ парламентаралық, БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК сияқты халықаралық және өңірлік ұйымдар аясындағы өзара іс-қимыл шеңберінде жаһандық даму және жалпыға бірдей қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен бастамаларға мән берілді.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы елші Хань Чуньлинге Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан реформалар жөнінде айтып берді. Ол өз сөзінде Мемлекет басшысының өңірлерді дамытуға және ұлттық экономиканы әртарапандыруға арналған бастамаларына егжей-тегжейлі тоқталып, қолға алынған реформалардың стратегиялық маңызына назар аударды.

Өз кезегінде елші белсенді өзара іс-қимыл үшін алғыс білдіріп, Қазақстанда жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси жаңғыртуларды жоғары бағалады. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.



## КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖОСПАРЛЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР ӨТТІ

Астанада Қазақстан мен Ресей Қауіпсіздік кеңестерінің аппараттары арасында кеңейтілген жоспарлы консультациялар өтті.

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Ғизат Нұрдәулетов пен Ресей Федерациясы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Сергей Шойгудың төрағалығымен өткен келіссөздер

барысында ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Тараптар халықаралық және өңірлік қауіпсіздік саласының қазіргі жай-күйін қарады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында өзара іс-қимылды нығайтуға қажетті шаралар жөнінде пікір алмасты.

Қауіпсіздік кеңестерінің аппараттары арасындағы консультациялар қабылданған ынтымақтастық жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтеді.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕЙЕДІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар Біріккен Ұлттар Ұйымымен және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аясындағы ынтымақтастық туралы бірқатар халықаралық құжатты ратификациялады.



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығы туралы келісім 2022 жылы 14 қазанда Астана қаласында жасалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ұлан Сарқұлов келісім ынтымақтастықты бірнеше бағыт бойынша кеңейтуді көздейтінін, атап айтқанда, сыбайлас жемқорлықтан түскен кірістерді іздеу және қайтару бойынша ынтымақтастықты арттыру қарастырылғанын атап өтті.

– Бұған сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы істер бойынша жәрдем көрсету, бірлескен жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған адамдарды ұстау және беру, арнайы ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану кіреді, – деді Ұ.Сарқұлов.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Ерболат Саурыков қосымша баяндамасында келісімге қосылған елдер Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекетаралық кеңеске мүше екенін айтты.

– Мемлекетаралық кеңестің салалық ынтымақтастық органы өз құзыреті шеңберінде іс-қимылдарды ұйымдастыру мен үйлестіруді қамтамасыз етуге арналған. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы келісімге қатысушы елдердің міндеттемелерін іске асыруға және халықаралық ұйымдармен, олардың құрылымдарымен өзара қарым-қатынас орнатуға бағытталған, – деді Е.Саурыков.

Депутаттың айтуынша, құжатты қабылдау жоғарыда аталған халықаралық органның қызметін жүзеге асыруға ықпал етіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында көпжақты әріптестік шеңберін кеңейтуге ықпал етеді.

Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар келісімді ратификациялап, Сенаттың қарауына жолдады.

Сонымен қатар Мәжіліс Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуші бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы

арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум мен келісімді ратификациялады. Халықаралық құжаттардың нормаларымен Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары Шайх-Хасан Жазықбаев таңыстырды.

– Миссияға қатысу үшін қазақстандық персонал мен мүлкіті ұсынудың әкімшілік, логистикалық және қаржылық шарттарын белгілейтін негізгі Меморандумға 2024 жылғы 14 ақпанда қол қойылды. 2024 жылғы наурыздан бері 139 әскери қызметші мен 26 бірлік әскери техникадан тұратын Ұлттық контингент Голан биіктігіндегі бітімгершілік миссияға жіберілді. Оның мақсаты – Израиль мен Сирия арасындағы татулықты қолдау, сондай-ақ Израиль мен Сирия әскерлерінің бөлінуін бақылау мен қадағалау, – деді Ш.Жазықбаев.

БҰҰ Қазақстанға аталған миссияға қатысқаны үшін жылына шамамен 5 миллион АҚШ доллары көлемінде төлем жасайды. Оның шамамен 2,4 млн АҚШ доллары – жеке құрам төлемі, қалған 2,6 млн АҚШ доллары – техниканы, қару-жарак пен мүлкіті жалға алғаны үшін төленеді. Бұл ретте әр бітімгер әскери қызметшіге айына 1 448 АҚШ доллары көлемінде мөлшерлеме бекітілген.

БҰҰ-мен қаржылық мәселелерді реттеу мақсатымен меморандумға қосымша келісім жасалды. Ол БҰҰ-дан түсетін төлемдерді екі банктік шотқа бөлуді қарастырады. Осылайша, жеке құрамның ақшасын әскери қызметшілер алады, ал мүлкітін ақшасы мемлекеттік бюджетке түседі.

Жұмыс тобының жетекшісі Константин Авершин қосымша баяндамасында ратификацияланған құжаттар мемлекеттің Әскери доктринасында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетінін атап өтті. Оның негізгі бағыттарына БҰҰ аясында халықаралық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайту, оның ішінде бітімгершілік іс-шараларға қатысу кіреді.

Жалпы отырыс барысында Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Мейір ЖАСЫН

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет елге қайтарылған заңсыз иемденілген активтер есебінен әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жалғастыруда.

Үкімет Семей қаласындағы 100 орындық медициналық-әлеуметтік мекеменің құрылысына 2,6 млрд теңге бөліп, бұл азаматтарды сапалы медициналық көмекпен қамтуға арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда Үкімет Арнаулы мемлекеттік қордан әлеуметтік маңызы бар 13 нысанның құрылысына шамамен 59,4 млрд теңге бөліп, олардың қатарында Атырау облысындағы Жамансор, Жетісу облысының Рудничный және Көксай, Ұлытау облысындағы Мынадыр және Қаражал ауылдарындағы мектептер, Түркістан облысы Темірлан ауылындағы музыкалық мектеп, Ақмола және Алматы облыстарындағы Зеренді және Жалағаш ауылдарындағы спорт кешендері, Риддердегі көпсалалы аурухана кешені, Шымкенттегі жатақхана, Ақтөбе мен Петропавлдағы екі балабақша бар.

Сонымен қатар «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңда көзделген субъектілердің қаражаты есебінен Арқалық қаласында дарынды спортшы балаларға арналған спорт кешені, Астана қаласында тірек-қимыл аппараты бұзылған

балаларға арналған орталығы, Алматыда ерекше қажеттіліктері бар жандарға арналған жаттығу орталығының құрылысы жүргізілуде.



## ТАРИХИ ЖЕРЛЕР – МӘДЕНИЕТ САҚТАУШЫСЫ

Тарихымыздың құнды жәдігерлері мен бірегей деректерін сақтайтын кітапхана, ғылыми архив және музейлердің тағдыры – еліміздің тарихи мұрасын сақтау мен қорғауда өте өзекті. Бұл мәселені Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясы жетекшісінің орынбасары Жұлдыз Сүлейменова көтеріп, «Ғылым ордасының» құрамына енген Орталық ғылыми кітапхана, Қазақстан ғылыми тарихы музейі, археология және табиғат музейлері, сондай-ақ Ғылыми архивінің әлеуметтік сұрақтары туралы Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Қасымқызына депутаттық сауал жолдады.



Келер ұрпаққа аманат етілетін баға жетпес мәдени және тарихи мұраның қазір заманауи талаптарға сай техникалық базаның жоқтығын айта келе, білікті кадрлардың тапшылығы мен төмен жағдайы сияқты сұрақтарға тап болып жатқанын атап өтті. Мұндай мекемелер Қазақстан ғылымының, ұлттық тарихымыздың тірі куәгерлері, академиялық мұраны сақтаушы алтын қазына екені анық. Осы тұста депутат мұндай мекемелердің дамуына келерге келтіретін бірнеше жүйелі проблемаларға тоқталды.

«Орталық ғылыми кітапханадағы кітап қоры – 5,8 миллион бірегей басылымды құрайды, оның ішінде XV-XVIII ғасырларға жататын 20 мың дана қолжазба, 100-ден астам тілдегі 900 мың ғылыми басылым бар. Бұл – елдің зияткерлік қазынасы. Ғимараттағы ауа баптау жүйесі істемейді, қыста суық, жазда ыстық, ылғалдылық деңгейі реттелмейді. Нәтижесінде, тарихи маңызы зор кітаптар үгітіліп, түптері ажырап, жоғалып

барады. Мұндай қазынаны сақтап, оны зерттеу үшін білікті мамандар қажет. Кітапхана штатында 40 қызметкердің 20 жылдық тәжірибесі бар кітапханашылар 100 мың тенге жалақы алады», – деді депутат.

Ғылыми архив Қазақстан тарихының жазба мұралары сақталатын ұлттық маңызы бар қор. Дегенмен депутаттың айтуынша, бұл мекеме де тиісті деңгейде қорғалмаған. Білікті мамандардың жетіспеуі мен олардың төмен жалақысы салдарынан құнды тарихи құжаттарды цифрландыру тежеліп отыр. Одан бөлек, Қазақстан ғылыми тарихы музейі де осындай ахуалда.

«Күрделі жөндеуден кейін экспозицияны қайта құруға қаражат бөлінбеген. Заманауи жабдықтардың, цифрлық технологиялардың жоқтығы музей қызметінің сапасын төмендетіп, келушілер санын азайтуда. Қызметкерлердің төмен жалақысы кәсіби мамандардың жұмыстан кетуіне әкеліп, музейді толыққанды

ғылыми-ағартушылық мекеме ретінде дамытуға мүмкіндік болмай тұр», – деді депутат Ж.Сүлейменова.

Аталған мәселелерді айта келе, «AMANAT» партиясы фракциясы бірқатар ұсыныстарды енгізетінін жеткізді. Біріншіден, «Ғылым ордасы» кешенінің сақталуын қамтамасыз ету және оның одан әрі тұрақты қызметін дамыту мақсатында Үкімет арнайы Жол картасын әзірлеуін ұсынды. Бұл Жол картасына ғылыми архив, музей және кітапхананың статусы ғылыми мекеме ретінде бекітіліп, ғимараттарының инфрақұрылымын жаңғырту, материалдық-техникалық базасын нығайту және олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар енгізілуін айтты.

– Екіншіден, «Ғылым ордасы» құрамына енетін Ғылыми кітапхана, Ғылыми архив және Ғылыми мұражай қызметкерлерінің еңбегі ғылыми қызмет ретінде танылсын. Осыған сәйкес, олардың жалақысы, әлеуметтік кепілдіктері мен еңбек жағдайлары ғылыми қызметкерлерге қойылатын талаптарға сай қарастырылып, тиісті қолдау шаралары жүзеге асырылсын.

Үшіншіден, «Ғылым ордасы» құрамына енетін Ғылыми архив пен Орталық ғылыми кітапхананың құжаттары заманауи талаптарға сай толық цифрландырылып, ғылыми мұрағаттардың қолжетімділігі мен сақталуын қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылсын. Түйткілді сұрақтар бойынша жедел және нақты шешімдер қабылдауыңызды қажет деп санаймыз, – деді депутат.

Жұлдыз Сүлейменова көтерілген мәселелер тек мәдениет пен ғылым саласының проблемасы емес – бұл еліміздің интеллектуалды мұрасын сақтап қалу мәселесі екенін ескеріп, оларды кейінге қалдыруға болмайтынын ұсынды.

## ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖҰМЫСЫНА МОНИТОРИНГ ЖАСАЛДЫ

«AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясы өңірдегі Полиция департаментінің жұмысына мониторинг жасады. Мониторинг барысында сайлауалды бағдарламаның 2.6 тармағына сәйкес, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын және бюджет қаржысының тиімді игерілуін бақылады.



Комиссия төрағасы Аят Сүгірбай, инспектор Арыстан Хибапов, комиссия мүшесі Людмила Мендіғалиева «Ынтымақ» алаңында орналасқан полиция бекетінің жұмысымен танысты. Полиция бекеті тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тыныштықты сақтау үшін күндіз-түні жұмыс істеп жатыр. Содан кейін жақында пайдалануға берілген №33 учаскелік полиция пунктінде барды. Ғимарат тұрғын үйдің төменгі қабатынан ашылған. Бұл полиция қызметкерлеріне бекітілген аумақтарды бақылауға, жедел құқықбұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік береді. Барлық полиция бекеті бейнебақылау камерасымен, қызметкерлер рация, бейнегіркегіш арнайы құрылғысымен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар комиссия мүшелері облыстық ПД-нің жедел басқару орталығына барып, қызметкерлердің жұмысымен танысты. Полиция қызметкерлерінің айтуынша, Маңғыстау облысында 22 546 бейнебақылау камерасы бар. Бұл балабақша, мектептен бастап қаланың әр бұрышын бақылауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, ақпанда 1 100 құқықбұзушылық анықталып, 7 қылмыс ашылды. Ал қаңтарда 27 қылмыс ашылды, 3 126 құқықбұзушылық анықталған.

«Партияның сайлауалды бағдарламасына сәйкес, 2024 жылы облыстық Полиция департаменті 15 қызметтік автокөлік алуы, 450 бейнегіркегішпен жабдықталуы, 9 жаңа учаскелік полиция бекеті ашылуы керек болатын. Бұл жұмыстарға жергілікті бюджеттен қаржы бөлінген. Мониторинг барысында Полиция департаменті қажетті материалдық-техникалық базаман қамтамасыз етіліп, қаржы тиімді игерілгеніне көз жеткіздік. Алдағы уақытта да полиция қызметкерлерінің жұмысына мониторинг жасалады. Сондай-ақ тиімді ұсыныстары мен мәселесі қараусыз қалмайтынын ескерттік», – деді партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Аят Сүгірбай.

«AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің өкілдері №1 қалалық аурухананың жұмысымен танысты.

## ҚҰРЫЛЫС АЯҚТАЛУҒА ТАЯУ



Аурухана өкілдерімен болған кездесуге «AMANAT» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Аманбай Нұрқенов, партияның облыстық филиалы жанындағы бақылау комиссиясының төрағасы Мұхтар Төлеген, партиялық бақылау комиссиясының мүшесі Алла Лоскутова, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесі төрағасының орынбасары – Өскемен қалалық мәслихатының төрағасы Александр Светаш, білім және денсаулық сақтау жөніндегі кеңес төрағасы Зарина Камасова қатысты.

«Ауруханада жоспарлы құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатса да, жұмыс кестеге сәйкес орындалуда, емделушілерге қызмет көрсету бір сәтке де тоқтатылған жоқ. Аурухананы жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Тұрғындар бұл жағдайға түсіністікпен қараса екен дейміз. Ауруына шипа іздеп келген әр азаматқа барлық мүмкіндікті пайдалана отырып, қызмет көрсететін боламыз», – деді аурухананың бас дәрігері Шолпан Макашева.

Партиялық бақылау комиссиясының өкілдері құрылыс жұмыстарының барысымен де танысты. Қазір аурухананың бірнеше бөлімінде жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мекеме өкілдерінің айтуынша, келесі жылдың бірінші жартыжылдығында жөндеу жұмыстары толық аяқталады.

«№1 қалалық аурухананың гинекология бөлімінде ем алушылар жататын орынның суықтығына және ем алу жағдайының қолайсыздығына байланысты шағым түсірген болатын. Біз мәселені өз көзімізбен көріп, танысу үшін ауруханаға келдік. Иә, мәселе бар. Осындай қолайсыз жағдайдың туындауына негізгі себеп – жөндеу жұмыстарының, ауруханада емделушілерге қызмет көрсетумен қатар жүргізілуінде», – деді партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Мұхтар Төлеген.

Кездесу қорытындысы бойынша аурухана басшылығы гинекология бөлімінің рекреациясында орналастырылған күндізгі кезеңде ем алушыларды арнайы жабдықталған жатын бөлмесіне көшіру туралы шешім қабылдады.

Астанада Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында алғашқы ауқымды «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі өтуде. Фестивальдің бірінші күнінде-ақ оған 200-ден астам жұмысшы мамандықтарының өкілі қатысып, 10 мыңға жуық адам тамашалады.

## «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ҚАЛАСЫ» ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ



Фестивальге келушілер техникалық білім беру саласындағы жаңа технологиялармен, оқу бағдарламаларымен танысып, отандық колледждер ұсынатын жаңа және сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат алды, сондай-ақ әлеуетті жұмыс берушілермен кездесті. Әсіресе, жоғары сынып оқушылары ерекше қызығушылық танытып, көрмені аралады, жұмысшы мамандықтары бойынша мансаптық перспективаларды талқылады.

Фестиваль кәсіби білім беру жүйесі мен бизнес арасындағы ынтымақтастықтың көрінісіне айналды. Өндірістік көрмелер экономика үшін стратегиялық маңызы бар 15 бағытты қамтиды: машина жасау, ақпараттық технологиялар, құрылыс, агроөнеркәсіп кешені, энергетика, көлік және ел экономикасының болашағын айқындайтын басқа да салалар.

Мұндағы әрбір көрме нарық талаптарына бейімделген жаңа технологиялар, жабдықтар және білім беру бағдарламалары бойынша жетекші кәсіпорындар мен кәсіптік білім беру ұйымдарымен ұсынылды.



# АЙМАҚ

13 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

## АҒАШ КЕСЕМІН ДЕП АЖАЛ ҚҰШҚАНЫ ЖҰРТТЫҢ ЖАҒАСЫН ҰСТАТТЫ. 51 ЖАСТАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР ТАЛАП АРУНОВ МЕКТЕП АУЛАСЫНДАҒЫ АҒАШТЫ БҰТАЙТЫН ДЕП ҚҰЛАП, КӨЗ ЖҰМҒАН. АЙ-КҮННІҢ АМАНЫНДА ҚАЗА ТАПҚАН ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ОҚИҒА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖЕДЖЕЙ ЕСІП, ҚАРАША ХАЛЫҚТЫҢ ШАҒЫМЫН ДА ТУҒЫЗДЫ. ОҒАН СЕБЕП: КӨПШІЛІК МЕКТЕП БАСШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ЖҰМЫСТАН ТЫС УАҚЫТТА ТАЛ КЕСКІЗІП, АЛ АУДАНЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ АЗАМАТ ҚАЗА БОЛЫП ЖАТҚАНДА ТОЙ ТОЙЛАП ЖҮР ДЕП ШУЛАУДА.



қалған. Бұл жағдайды ести салып бірден бардым. Бұрын-соңды мұндайды көрмеген мектеп директорының да жүрегі қысылып, қан қысымы көтеріліп тұр екен. Содан оны да жедел жәрдем көлігіне салып жібердік. Желіде жазып жатқандай, мектеп басшысы оқиға орнынан қашып кеткен жоқ. Оның өзіне де дәрігердің көмегі керек болды, — дейді Нұрболат Серікұлы. Аудандық білім бөлімінің басшысы «қазы күні той тойлап жүр» деп өзіне тағылған айыптың да орынсыз екенін айтады.



ҚАЗА ЖАМЫЛҒАН ҮЙДІҢ ЖАНАЙҚАЙЫ

Байпақ тұрсақ, желідегі жазбаның бәрі бірдей шындыққа жанаспайтын секілді. Осыған дейін «талдан құлап қаза тапты» делінген жұмысшының шын мәнінде үстіне тал құлаған екен. Ол биіктен емес, ағаштың астында қалғаннан ажал құшып отыр. Алайда марқұмның жақындары ешқандай шағым түсірмеді деген дүние ойға қалдырады. Олар абайсызда болған ажал легенге келіскен бе? — Ағам өте ақкөңіл жан еді. Тірліктен бөрсен де тиянақты атқаратын. Отбасымызда 6 пәзент болсақ, ағам жалғыз ұл еді. Сондықтан бәрімізге қамқоршы болып жүрді. Кішкентай күнінен оны «Тайлақ» деп атап кеткенбіз. Қайғылы оқиға болған күні далада қар жауып тұрды. Мен де сол мектепте биология пәнінен сабақ беретіндіктен,

ағам қатысты жағдайды хатшы қыз қонырау шалып, жеткізді. Ести сала алып-ұшып жеттім. Алдымнан шыққан Нұрболат ағай: «Қарындасым, талды мен кес деген жоқпын. Бұйрық берген мектеп басшысы болатын» деп шырқырады. Егер ағам арақ ішіп, көшеде қанғып жүрген біреу болса «өзінен тапқан ғой» дер едім. Алайда ағам ондай адам емес. Қар жауып тұрған күні «талды кес» деп басшылары тапсырған соң осыған барып тұр ғой. Әйтпесе, бәрі басқаша болар ма еді...

Менің ендігі сұрайтыным — осы жағдайға кінәлілер лайықты жазасын алса екен деймін. Сонда бұл өзгелерге сабақ болар еді, — дейді марқұмның қарындасы Толқынбай Арунова.

Иә, тараптардың сөзі мен сұрауы — осы. Енді кімнің ақ, ал кімнің жала айтқанын тергеу амалдары анықтай жатар.

### Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы ОҚИҒА ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

Әлеуметтік желіде тараған ақпаратқа сүйенсек, 30 қаңтарда Байзақ ауданы Дихан ауылының тірек мектебінің директоры түнгі мезгілде мектеп қауіпсіздігіне жауап беретін қарауылды күндіз жұмысқа шақырып алған. Сөйтіп, оған мектеп ауласындағы талды кесуді тапсырған. Міне, осы талды бұтау кезінде қызметкер құлап, ажал құшып отыр. Желі қолданушыларының шақына тигені — мектеп жұмысшысы қаза болып жатқанда аудандық білім бөлімінің басшысы құла күтіп, той тойлап жүрген екен. Көңілді кештің қонақтары сол күнгі суреттерді өздері желіге салған. «Оқиға орнынан көмек көрсетудің орнына мектеп директоры да қашып кетті» деген де ақпарат таралды. Осылайша, шу шығарған желі қолданушылары еңбек инспекциясы мен қуырлы орган өкілдерінен қайғылы оқиғаны жіті тексеруді сұрады.

Әрине, ажал айтып келмейтіні белгілі. Тас түскен жеріне ауыр болатыны да ақиқат. Алайда қайғылы оқиға желі қолданушылары жазғандай өрбіді ме? Әлде бұқара білмейтін тұстары бар ма? Бұл сауалмен ең әуелді облыстық Білім басқармасына қайырылдык.

«2025 жылғы 30 қаңтар күні Байзақ ауданы білім бөлімінің Дихан тірек мектебінің аумағында адам өліміне әкелген қайғылы оқиға болды. Шаруашылық жұмыстарын орындау барысында мектеп қызметкері ауыр жарақат алып, көз жұмды.

Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды. Сонымен қатар Жамбыл облысы Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті департаментінің басшылығымен уәкілетті органдар және Байзақ ауданы

ның білім бөлімі өкілдерінің қатысуымен арнайы тексеру жұмыстары жүргізілуде», — деп басқарма мамандары ресми жауаптың шеңберінен шыға алмады. Дәл сондай облыстық Полиция департаментінің есігін қаққанымызда да: «Ауылдық тірек мектебінің 51 жастағы мектеп жұмысшысының қазасы бойынша ҚР ҚК 156-бабы 3-бөлігімен қылмыстық іс қозғалды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аясында қажетті сараптама жүргізілуде», — деп қысқа қайырды.

### БАСШЫ «БҮЙ» ДЕЙДІ, КІНӘНІ КІМНЕН ІЗДЕЙДІ?

Құзыретті қос мекемеден де мардымды жауап ала алмағандан кейін жұмыс сын тегіне алынған Байзақ аудандық білім бөлімінің басшысы Нұрболат Мамырбаевқа хабарластық. Басшы сырын айтамын деп шынын айтты ма, белгісіз, әйтеуір оның сөзінен ұққанымыз, оқиға желісі мүлде басқаша өрбіген екен.

— Қайғылы оқиға 30 қаңтар күні сағат түскі 14.30–15.00 уақыты шамасында болған. Сол күні жел тұрып, мектеп ауласында құлауға шақ тұрған қураған ағаш балалардың басына түсіп кетпесін деген қауіппен мектеп директоры оны жұмысшысына кестіруге тапсырды. Ол шаруашылық қызметкері түнгі мезгілде жұмыс істейтін қарауыл емес, аула сыпырушысы болған. Яғни, тапсырма қызметкердің жұмыс уақыты кезінде беріліп отыр. Осы тұста тағы бір айта кетерлігі, қызметкер талдың үстіне шығып, одан құлап қаза тапқан жоқ. Шаруашылық қызметкері технология пәнінің мұғалімі екеуі қураған ағашты жерде тұрып түбінен баптаған. Осы кезде жерге қарай қисайған ағаштың астында көрпешем қалып кетпесін деп ұмтылған марқұмның өзі талдың астында қалып кетіп отыр. Ағаштың бұтағы көк желкелен тигіп, ол қимылыз

— Әлеуметтік желіде «Білім бөлімінің басшысы оқиға болғандан кейін бірден еңбек демалысына шығып кетіпті» деп сынап жазыпты. Бұл тұста айта кетейін, мен еңбек демалысына оқиғадан үш күн бұрын өтініш білдіргенмін. Белгіленген талап бойынша үш күн бұрын өтініш жазуымыз керек. Яғни, мен 27 қаңтар күні еңбек демалысына арыз жазып, ол 30-ы күні мақұлданды. Осы күнге талай уақыттан бері күте алмай жүрген құдаларымды шақырып қойған болатымын. Еңбек демалысына туралаған шара болғандан кейін амал жоқ, құрмет көрсетуіме тура келді. Байқасаныздар, желіде жүрген суреттің барлығы кешкі мезгілде түсірілген. Яғни, жұмыстан тыс уақытта.

Бұл сөзімді базбіреулер ақталу деп түсінер. Алайда менің айтпағым, мектепте болған қазаға қатысты марқұмның жақындары да түсінік танытты. «Абайсызда болған ажал» деп ешкімге ешқандай айып таққан жоқ. Шағымдарын да білдірмеді.

Әрине, жақының қазасы кімге болса да оңай соқпайды. Бірақ бұл әдейі қолдан жасалған дүние емес. Желіде жазып жатқан көпшілік соны түсінсе екен деймін, — дейді бөлім басшысы.

## ЖҰРТ ӘБИГЕР, ЖЕТІСПЕЙДІ ДӘРІГЕР



Елшір ҚАБА (қолжазба)

(Басы 1-бетте)

### Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Бос жұмыс орындары жарияланатын Elnbek.kz порталында да басқа салаларға қарағанда медициналық кадрлардың жетіспеушілігі аса басым. Күні бүгінге дейін 133 бірдей арнайы сала дәрігерлеріне сұраныс бар екені тайға таңба қандай көрсетілген. Салдарынан дертіне дәру іздеген жұрт апталап, тіпті айлар бойы сарыла кезек күтетіні де ақиқат. Мұның өзі мүмкіндігі мол кадрлары «жеткілікті» саналатын қаладағы жағдай. Ал облыс және аудан орталықтарынан әлдеқайда шалғайда жатқан ауылдардың жайы бұдан да мүшкіл екені айтпаса да түсінікті.

Жыл санап аудандарда жаңа медициналық мекемелер салынып та жатыр. Деректерге сенсек, облыс аумағында 38 медициналық мекеме пайдалануға беріліп, тағы екі ауданаралық ауруханалар кеңейтіліп жатыр. Сондай-ақ облыс орталығында бюджеттің миллиардтаған доллар қаражаты жұмсалатыны белгілі болған аймақаралық алып аурухананың құрылысы бой көтермек. Әлеуметтік желілер арқылы да талай көтерілген бұл аурухананың бәрін білікті кадрлармен қалай толтырады деген заңды сауал туындайтыны сөзсіз.

Түйткілді мәселе облыстың қоғамдық кенесінде өткен жиында тағы бір мәрте ашық көтерілді. Облыстық Денсаулық сақтау басқармасының дерегінше, өңірге жұмысқа келген дәрігерлерге біржолғы көтерме ақының құны қазір біршама өскен. Жаңа кадрлар қалада 5 миллион, ал ауылдарда 8,5 миллион теңгеге дейін алмақ. Бұған қоғамдық кенес мүшелері бірауыздан қолдау білдірді. Бірақ бұл

орайда мемлекеттік қолдаумен келген ақ халаттылардың қаражатты қаншалықты адал жұмсап әрі өз міндетін орындап жатқаны кенес мүшелері тарапынан қызу пікірталас тудырды. Өйткені, расында да аймақта мемлекет қаржысының түрлі китүркі жолмен талан-таража түсу фактілері жетіп артылады. Сондықтан мемлекеттік қолдау қаржысының қалай жұмсалып жатқаны да жіті назар аударуды қажет еткені.

Облыстық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының жаңа орынбасары Серік Омархановтың айтуынша, аймақта 190 түрлі сала дәрігерлері жетіспейді. Басқарма басшылығы осындай факт келтіргенімен, қоғамдық кеңес мүшесі, белгілі дәрігер Серік Көкенов бұл санды үзілді-кесілді жоққа шығарды. Оның айтуынша, өңірде дәрігерлер тапшылығы аталған саннан бес есе жоғары.

«Қазір өңірде дәрігерлер 2-3, тіпті одан да көп жерде бір мезетте жұмыс істейді. Бұл жерде медициналық қызметтің сапасы туралы не айтуға болады? Біздің дерек бойынша облыста бүгінде 976 дәрігер тапшы. Сондай-ақ 1 974 орта медициналық персонал жетіспейді. Тек облыстық көпбейінді аурухананың басшысы Нұрлан Жаровқа 100 дәрігер жетіспейтін шығар. Ал әкімшілік мұны қалай жауып отыр? Олардың дерегінше, 199 дәрігер. Мен штаттық кестені толықтай анықтап қарап шықтым. Штаттық кесте бойынша бәрі дұрыс болғанымен, іс жүзінде дәрігерлердің саны екі есе аз. Дәрігерлер бірнеше қызметті қоса атқарады. Медициналық қызметкердің жұмыс көлемі 1,5 мөлшерлеmeden аспауы керек. Ал бізде 4,5, тіпті тоғыз лауазымды қоса істеп жүрген дәрігерлер жетіп артылады. Бұдан кейін медициналық қызметтің сапасы туралы не айтуға болады? Міне,

осыны жөнге келтіруге керек», — деп атап өтті Серік Көкенов.

Мұнымен қатар жиын барысында мемлекетпен берілетін біртүтік көтерме 5 миллион теңге қаржыны басқа облыстан алып, оны толық атқармастан басқа аймаққа орналасып алғандар, сондай-ақ жұмысқа орналаса салып, үш жыл декреттік демалысқа шығып, міндеттелген жүктемені орындамаса да қаражатты алып жатқандар жайлы өткір мәселелер көтерілді.

Облыстық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, кадр тапшылығын шешу мақсатында облыс бюджетінен резидентурада оқып білім алу үшін 35 грант бөлінеді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарында да «жалпы медицина» мамандығына 50 грант қарастырылған. Соңғы төрт жыл ішінде ғана аталған гранттар

оқыған жас маман үш жыл жұмыс істеуге міндетті. Бала күтіміне байланысты демалысқа шықса немесе резидентураға оқыса үш жылдық міндеттемеден босатылады. Жастардың бойындағы жауапкершілікті арттыру үшін жұмсалған қаражатты екі есе өтеу талап етілген жағдайда басқаша болар ма еді. Бұл мәселені Денсаулық сақтау министрлігімен келісіп заңдастыру қажет деп ойлаймын. Кадр мәселесіндегі күрделенген күрмеуін шешу үшін осындай қадамға бару керек деп санаймын, — дейді Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы кадр бөлімінің басшысы Динара Баймағамбетова БАҚ өкілдеріне берген жауабында.

Яғни, мәселені тағы бір тарапына салып көрсек, жергілікті атқарушы органдар бөлген грант жүйесі іс жүзінде кадр мәселе-

### Медициналық қызметкердің жұмыс көлемі 1,5 мөлшерлеmeden аспауы керек. Ал бізде 4,5, тіпті тоғыз лауазымды қоса істеп жүрген дәрігерлер жетіп артылады. Бұдан кейін медициналық қызметтің сапасы туралы не айтуға болады?

бойынша 133 адам білім алған. Бекітілген келісімшарттарға сәйкес бұл гранттармен білім алған тұлғалар өздерін қаржыландырып өңірге оралып, үш жыл жұмыс істеуге тиіс деп көрсетілген. Алайда іс жүзінде 133 маманның тек 107-і ғана сол өңірге оралып жұмыс істеген. Яғни, жұмсалған қаражаттың тағы да бақылауға алынбай, желге ұшқаны мәлім болды.

Аудан әкімдіктерінің, жекеменшік компаниялар мен облыстағы медициналық ұйымдардың қаржысына оқыту мәселесінде де олқы тұстар көп. Мәселен, 2013 жылдан 2024 жылдар аралығында ғана осындай жобалар шеңберінде 64 адам білім алса, соның бүгінде тек 39-ы ғана жұмыс істейтін болып шықты. Олардың сегіз резидентурада білімін жалғастырған. Қалғаны қайда екені беймәлім.

Сананы тұрмыс билеген заманда жас мамандардың кейін белгілі талаптары бар қаражатты іс жүзінде орындамай, уақыт өткен сайын құнсызданып жатқан қаражатты кері қайтара салып, жалақысы жоғары елордаға қарай тартып кеткен оқиғалар да жетіп артылады. Өйткені жалақысы жоғары қызметте алған қаражатты аз уақыт ішінде қайтара салу түкке тұрмайды. Бұл орайда тұтас елдің оған сенім артып, үлкен үміт күткені туралы айтудың өзі артық сияқты.

Келісімшартқа сәйкес медицина саласында арнайы бөлінген грант бойынша

өзі жетіспейді. Оны айтасыз, учаскелерде науқастарды қабылдайтын дәрігер де жоқ. Бас дәрігерлермен сөйлесе қалсаңыз, маған төрт маман емес, сегіз маман керек дейді. Демек, нақты жағдайды көз алдыңызға елестетудің өзі қорқынышты. Біздің тұлғаларымыз — жалпы тәжірибелегі дәрігерлер. Әзірге нақты салалық мамандарды дайындап жатқан жоқпыз. Міне, осындай уәж айтсақ, амалы құрыған аудандық аурухананың бас дәрігерлері бізге маман болса болды дейді. Ереже бойынша әрбір учаскеле дәрігермен бірге үш орта буын медицина қызметкері болуы керек. Мұндай толық штат аудан түгіл қазір облыс орталығының өзінде жоқ. Сондықтан менің есебімше, кемінде, 600-700 маман жетіспейді, — дейді Светлана Мұратбекова.

Жоғары медицина мектебі директорының айтқанын айғақтайтын аса өткір фактінің бірі — өңірде дипломсыз интерн студенттердің өзі Көкшетау қаласындағы жекеменшік емханаларда емін-еркін жұмысқа кіріскен. Олар науқастарды қабылдап, ем-дом белгілеу құқына да ие болған.

— Көкшетау университетінің медицина факультеті 2018 жылы ашылған. Биыл алғашқы 104 жалпы тәжірибелегі дәрігер жолдама алды. Қазір оларға ауылдағы денсаулық сақтау ұйымдарына аса қажет болып, құнара өздеріне келуін сұрап хабарласып жатыр. Бірақ мұның өзі аймақтағы кадр тапшылығындағы түйткілді шеше алмайды, — деп толықтырды Светлана Кабыкөкқызы.

Светлана Кабыкөкқызының айтуынша, университетте білім алып жатқан биылғы тұлғалардың 11-і аудандық әкімдіктердің гранты арқылы білім алса, 46-сы облыс әкімінің гранты бойынша оқып жүр. Бір алаңдатарлығы, жергілікті атқарушы органдардың гранты арқылы білім алатын студенттердің саны жыл сайын азайып кеткен. Былтырғы оқу жылында 50 грант бөлінгенімен, екі-ақ студент оқуға түскен. Яғни, тегін оқуға беретін студенттің өзі қасқалдақтың қанынан қат болғанға ұқсайды.

### P.S.

Қалай дегенмен де аймақтағы медициналық кадрлар тапшылығын шешу үшін бірінші кезекте жас мамандардың жауапкершілігін арттыруға бағыттайтын шаралардың қажеттігі сезіліп тұр. Екіншіден, медициналық ұйымдар мен қуырлы органдары іс жүзінде шынайы картинаны қоғамнан жасырмай, дәрігерлердің бірнеше жерде жұмыс істеуін ретке келтірмесе мәселе одан әрі ұшыға бермек. Сондықтан басты байлыққа арашапы болар мамандар мәселесін тағы бір мәрте таразыға салған жөн болар...

13 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

Халқымыз рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді. «Армандар орындалады» атты қайырымдылық жобасының негізін қалаушы түркістандық Әсел Бимырзаева да сондай құшағы кең, жүрегі жұмсақ жан. Өзі мектепте балаларға білім бере жүріп, ерекше жандарға қорқырлық көрсетіп жүретін Әсел Маханбетқызының бүгінде жеткен жетістігі де көп.

— Әсел Маханбетқызы, өзінің мектепте балаларға дәріс бере жүріп, ерекше балаларға қамқор болу жобасын қоса атқарып келесіз. Әрине, екеуі де балалармен жұмыс дегеннен жүрекке салмақ салатын тұстары бар. Сізге қиындық тұмай ма? Мектептегі жұмыстарыңызға келергіз жоқ па? Жалпы, ерекше балаларға қамқорлық жасауға арналған «Армандар орындалады» жобасын бастау идеясы қайдан келді?

— Иә, Түркістан қаласындағы №17 Ататүрік мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беремін. Жалпы, балалармен жұмыс істеу өзіме қатты ұнайды. Сондықтан болар олармен нәтиже көрсетуге барынша кірісемін. Балалармен жұмыс істеп жүргеніме 12 жыл болыпты. Осынау жылдан бері әлі күнге дейін үйден оқитын балалардың жағдайын көріп, олармен тілдесіп, араласып жүріп оларға не жетіспейтінін байқап, осындай ойға келдім. Жасыратыны жоқ, өзімнің бір перзентім де сондай үйде оқитындардың қатарында еді. Жалпы, қай жағынан алып қарасақ та мен бұл балапандардың жағдайын жетік түсінемін, балалармен қалай қарым-қатынас жасау керек екенін білемін. Сабақтан тыс уақытта қастарында қалып, көп сөйлесемін. Олармен сырласып, арман-мақсаттарын тыңдаймын. Үйде оқитын бір балапанның жалғыз ғана арманы маған идея берді. Ол қазір 17-де. Сол жылдары зерттеу жүргіздім, дені сау балаларға арналған шара өте көп екен — спартакиада, конкурстар, байқаулар. Ал ерекше балаларға арналған шаралар аз деген көбісінде «өткізсек болды» деген мағынадағы шаралар екен. Олардың жан толғаныстарына ешкім назар аудармапты. Мына жерде бір нәрсе дұрыс емес, бұған бір өзгеріс жасауға болмай ма деген ой кетпей қойды. «Армандар орындалады» жобасын қолға алып, ерекше балалардың арманын қағаз бетіне түсірдім. Арманы жазылған бірнеше қағазды өңірдегі елдің алдында жүрген азаматтарға апарып, оларға біреуін тандатып, ондағы жазылған арманға қол жеткізуіне себепші бола басталдым. Бұл дәстүр айына 10 баланың тілегін орындап отыруға ұласты.

Иә, жүрекке салмақ түсіретіні рас, жоба басталған алғашқы жылдары балаларды көріп жылап қала беретінмін. Кейін түсіндім «мен көз жасымды көрсетпейін,



балаларды мұнда қолдау үшін кішкене болса да оларға демалыс сыйлайын» деп шақырдым ғой деген ой келді. Түркістан қаласынан ғана емес, облыстың түкпір-түкпірінен келетіндер бар. Өз мамандығым бойынша жұмысты сүйіп істегендіктен, екеуін қатар алып жүру қиынға соқпайды. Оның үстіне мектеп директорымыз Рахила Кенжебекқызы үнемі қолдау білдіріп отырады. Мектептегі жұмысымын тысқары қалып кетпеуін де талап етіп отырады. Жыл сайын оқушыларым қалалық, облыстық олимпиадаларда топ жарып, жеңіспен оралып жатады.

— Ерекше балалардың негізгі арманы не екен?

— Олардың тілек-армандары өте қарапайым және әртүрлі. Олар қазіргі дені сау балалар сияқты iPhone, мопед сұрайды. Мысалы, ән айтқанды жақсы көретін көзі көрмейтін балапандымыз дауыс ұлғайтқышымен музыкалық орталық сұрады. Тепе-теңдікті сақтап жүре алмайтын ерекше бала өздеріне арналған арнайы үш аяқты велосипедті армандайды екен. Біреулері бар болғаны өз диваным, глобусым болса деп тілек жазады. Армандар көбіне өз диагноздарына байланысты болып келеді. Біреуі «әкем жаңа жылда қызыл көйлек әперем деген еді, маған қызыл көйлектің керекі жоқ, әкемді қайтарып беріңіздерші, әкемнің жаныма болғанын қалаймын» деп жазыпты. Жүрек ауыртатын осындай хат көп. Анасынан сұрай келе өкесінің темір торда екенін білдік. Әрине, өкесін қайтаруға мүмкіндігіміз болмады. Бірақ қызыл көйлек әперген демеушіміз «әкең алып беріп жіберді» деп айтыңыздаршы деді. Тіпті, доп сұрайтындар да бар. Жалпы, көбісінің тілегі «ешкім ауырмаса екен» деп жазады. Олардың армандары — осындай қарапайым дүниелер.

— Бұл жоба алдағы уақытта жалғасын таба ма? Әлде, жобаны жетілдіруді не болмаса ұқсас жобаны қолға алу ойда бар ма?

— Ең басты жетістігім — осы жобаның жалғасын тауып келе жатқандығы және оған ниет білдіріп қатысқысы келетіндер маған шабыт береді. Осынау жобаның

Әсел БИМЫРЗАЕВА:

# БАРЛЫҚ ЖҮРЕКТЕ МЕЙІРІМ БАР

аясында «Арман канат» деген қоғамдық қор құрылды. Жақында «Сен ерекшесің» атты медиа жоба ашылып жатыр. Онда өнерге икемі бар балалар фотосессияға қатысады. Соның арқасында олар бойындағы комплекстен арылып, Оқушылар сарайына барып, колөнерге, ән, хор, би үйірмелеріне қатысып, облыстық, республикалық жарыстардан жүлделі орындар алып жүр. Бастысы, балаларда сенімділік пайда бола бастады. Болашаққа деген сенімі артып, тіпті аналары балаларының қабілетінің барына көзі жетіп, қуана бастады. Фотосессияны көріп «мәссаған, менің балам не деген сүйкімді, жанып тұр ғой» деп талайы айтты. Баласының басқаша қабілетімен танылуына аналар да үміттенеді. Түніліп отыра бергеннен не пайда?!

Айта кетер жетістігім, жобаның арқасында Президенттің «Шапағат» медалімен



марапатталдым. Бұл жобаға ешқандай қаржы қаралмаған, медаль үшін ешқандай жұмыс істеген жоқпын. Бар болғаны ерекше балалардың басынан сипап, қайырымды жандардың арқасында олардың тілегінің орындалуына себепкер болып жүрмін. Медальді лайықты деп берсе, демек бұл — менің жетістігім. Бұл — маған үлкен жауапкершілік.

Қоғамдағы өтпеген-ай деген тұстарға келер болсам, көбіне пайдасын халық көрмейтін, 1-2 аптада ұмытылып кететін жобаларға қаржыландыру көп. Ал осындай медиа жобаларға жергілікті әкімдіктерден қолдау керек қой, көбіне қолдай бермейді. Болар-болмас қаржы көрсетеміз, соның өзіне қолдау таппай жатамыз. Сөзак, Ордабасы ауданы және Қантау, Түркістан қаласы әкімдігіне алғыс білдіргім келеді.

«Сен ерекшесің» медиа жобасына қатысқан балалардың, ата-аналарының қуаңғандары, алған әсерлері неге тұрады?! Көпке дейін естерінен кетпей, өмірінің бір жарқын сәті болып қалар еді... Жалпы, жобамен айналысқаным ешқашан өкінген емеспін. Иә, «Не керек саған, ақша төлемейді, не пайдасы жоқ, не істейсің мұны?» деп айтып жататындар бар. Балапандар көз алдымда, олардың қуанып жатқанын өзі неге тұрады?!

— Жоба арқылы адамдарға, қоғамға деген көзқарасының өзгерді ме, недей нәрсеге көз жеткіздіңіз? Қоғамда қайырымды жан көп пе екен, әлде...

— Дәл қазір менің WhatsApp желісіндегі тобымда 200-ден аса ана отыр. Олардың барлығының да көзқарасы өзгеріп, бір нәрсемен айналысқысы, балаларын да үйірмелерге қатыстырғысы келеді. Сосын менің бауырларым, жақындарым, туыс-

орындадық. Әрі қарай жалғасын табады деген үміттеміз. Қыс аясында 2 айға үзіліс аламын. Дегенмен соның өзінде «Қашан басталады, басталғанда айтыңыз?» деп сұрап жүргендер көп. Бір баланың тілегін орындайық деген ниеттілер саны артауда. Одан басқа жоғарыда айтып өткен «Сен ерекшесің» деген жобаны аудандарда өткізуді жоспарлап жатырмыз. Себебі басқа да шалғайдағы аудандардан балаларымыз қатысса деген сұраныс көп түсіп жатыр. Әзірге қолдау күтіп отырмыз.

— Жалпы, шығармашылықтың адамысыз. Ақынсыз бірқатар өлеңіңіз бар. Әндеріңіздің басым бөлігі лирикалық деген едіңіз бір сұхбатыңызда. Бұл жанр неге жаныңызға жақын? Әлі де өлең жазасызба? «Жамбы өлең» дейтін көркемөз байқауын ұйымдастырған екенсіз. Қазір ерекше балалармен жұмыс жүргізіп, жобаны сол бағытқа бұрдыңыз. Қай жоба көбірек жаныңызға жақын?

— 2017 жылы «Жамбы өлең» деген жыр жинағы жарық көрді. Онда біраз өлеңім жинақталып шықты. Шыны керек балалармен көп жұмыс істегеннен кейін балауға жүрекерге тез қол табатын өлеңдер жазғанды жақсы қолға қойған сияқтымын. Бірақ осы жобаларға назарды көбірек аударып жібердім бе, қазір менде жазу деген кенжелен қалды. Қарап отырсам, өлеңді көбіне қуанып отырғанда емес, жабырқау кездері жазады екенмін. 5 ұлқызым, қолдау көрсетіп отырған жұбайым бар. Отбасындағы қиындықтың бәрін жолдасым екеуіміз бірге көріп, атқарып, еңсеріп келеміз. Жолдасым қолдаудан ешқашан шет қалған емес. Сәбилерімізбен пәтерден пәтерге жүрген күндердің де өзіндік сабақтары болады. Қазір шүкір жағдайымыз дұрысталды. Өзің қалаған іске кіріссен бәріне үлгеруге болады. Өлеңді алдағы уақыттары жалғастырамын деп ойлаймын. Иә, шығармашылық кештерімізді ұйымдастырып беріп жатқан мәдениет орындары, мектептер бар. Өлеңді жақсы көремін, жатқа айтпасам да оны оқығанды ұнатамын. Қазіргі ақындардан теріп, талдап оқимын. Ұлықбек Есдаулет, Бекарыс Шойбек, Қалқаман Сарин сынды белгілі ақындар өлеңдеріме он пікір қалдырғанда әжептеуір марқайып қаламын. Дегенмен шығармашылықтан гөрі ерекшелігі бар балалармен жұмысқа көбірек бет бұрып кеткен сияқтымын. Алдағы уақытта екеуім қатар алып жүреміз деп ойлаймын. Себебі әрі қарай шәкірт тәрбиелетінін айқын. Шәкірттеріме кітап оқуды, өлең оқығанды насихаттаймын. Олардың да менің жобама қатысып, ойын жақсы ниетке бұруға бағдар бергім келеді.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан  
Назгул НАЗАРБЕК,  
Түркістан облысы

## ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕМІСТІ ЖОБАЛАР

Жетісу облысының тұрғындарын жас шамасына жіктегенде, жастардың үлесі басым екені байқалады. Яғни, аймақты әдемі әлеуеті жоғары өңірлердің қатарына жатқызуға болады. Дегерке сүйенсек, бүгінде аймақтағы 14 пен 35 жас аралығындағы бозбала мен бойжеткендердің саны жалпы өңір халқының 47,6 пайызын құрайды екен. Атап айтқанда, Жетісудағы жастардың жалпы үлесі — 190,3 мың адам шамасында. Оның ішінде 106,4 мың жас ауылдық жерлерде тіркелсе, қалғаны қалада тұрады дейді статистика.

**А Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,**  
Жетісу облысы

Әрине, өңір тұрғындарының үлесіндегі жастардың басым болуының өзіндік артықшылығы болғанымен, бірқатар мәселенің де туындайтыны сөзсіз. Соның бірі — жастарды жұмыспен қамтудың жайы. Біз бұған дейін аймақтағы жұмыссыздықпен күрес туралы жазған едік, бұл жолы жастарды жұмыспен қамту бойынша қандай іс-шара атқарылды деген сауалға жауап іздемекпіз.

Жалпы, былтыр Жетісу облысының жұмыспен қамту органдарының қолдауымен 35 жасқа дейінгі 7 695 жас жұмысқа орналастырылған көрінеді. Солардың арасында қысқамерзімді кәсіптік оқытудан өтіп, жұмысқа тұрған, грант алып, кәсіп ашқан жастар да бар. Облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және Әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне сүйенсек, былтыр жастар арасынан қоғамдық жұмыстарға 1 322 адам, жастар практикасына 1 150 түлек, әлеуметтік жұмыс

орындарына 125 жас, «Алғашқы жұмыс орны» бойынша 575 адам, «Ұрпақтар келісімшартымен» 31 адам жұмысқа тұрғызылған. Бұдан бөлек, грант алғандар да, «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытылғандар да бар.

Мәселен, қысқамерзімді кәсіптік оқуға жіберілген облыстағы 318 жастың бірі — талдықорғандық Айгерім Төребаева. Бала күтімі демалысынан кейін Айгерім журналистік дипломын ысырып қойып, өзін басқа салада сынап көргісі келді. Сөйтіп, Талдықорған қаласының Мансап орталығы арқылы қысқамерзімді кәсіптік оқуға жолдама алып, «Ташенова» ЖК оқу орталығында кірпік өсірудің қыр-сырын меңгерді. Үш айлық курстың мерзімі аяқталған соң аталған шағын кәсіпкерлік нысанына жұмысқа қабылданды.

— Өзім көпбалалы анамын. Балаларым жас болғандықтан, солардың күтімімен біршама уақыт үйде отырдым. Кейін сұлулық әлеміне бет бұрып, жана кәсіп үйренсем деп жұмыспен қамту органына жүгіндім. Соның арқасында былтырғы

жылдың тамыз айында оқыту курсынан өтіп, сертификатымды алдым. Маған жоғары білікті мамандар кірпік өсу ісін егжей-тегжейлі үйретті. Сұлулық салонында аз ғана уақыттың ішінде өзімнің жақсы маман екенімді көрсете алдым, қазір өзімнің тұрақты келушілерім бар. Кез келген уақытта адам өзі қалаған жана кәсіпті меңгере алады екен, оған ешқашан кеш емес. Соған көзім жетті. Осындай мүмкіндіктерге жол ашып отырған мемлекеттік бағдарламалардың бар болғаны қуантады, — дейді көпбалалы ана Айгерім Төребаева.

Ал облыстық Қоғамдық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, былтыр жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ақпараттандыру бағытында өңірде өткізілген кездесулер мен түсіндіру жұмыстарына 3 мыңнан астам жас тартылған. Осы орайда түрлі грантқа қатысып, өз ісін ашуға талпынған жастар да аз емес. Мысалы, психолог және логопед-дефектолог мамандықтары бойынша жоғары білім алған Айым Сайлаубекова мамандығына сай жұмыс іздеп жүрген кезінде жастарға арналған гранттар бар екенін естіп-білген.

— Бір күні әлеуметтік желіден жастарға конкурс негізінде гранттар берілетіні туралы ақпаратты көзім шалды. Осы конкурсқа халыққа пайдасы тиетін жоба ұсынып, бақ сынап көрсем деген ой келді. Сөйтіп, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған коррекциялық орталық ашу жобасын ұсынып, 3 млн теңге грант ұтып алдым. Бірден Талдықорған



Суретті түсірген Жетіс Бискабай

қаласынан осындай орталық аштым. Орталыққа керек жабдықтардың бәрін гранттың қаржысына сатып алдым. Қазір орталықта бейімделген денешынықтыру, сенсорлық интеграция, логомассаж қызмет түрлері жасалып, логопед, дефектолог, психолог, нейропсихолог мамандар сабақ жүргізеді. Қазір орталықта 12 адам жұмыс істейді, — дейді «Сана» орталығының жетекшісі Айым Сайлаубекова.

Жалпы, былтыр жастар бастамаларын қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бойынша 3 млн теңгеден 10 грант берілген. Гранттар «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес», «Медиа» бағыттары бойынша ұсынылып, жастардың өз ісін ашуға жәрдем етті.

Осы ретте өңірде жастардың, әсіресе NEET санатындағы жастардың өмірден өз орындарын табуына қаншалықты көңіл бөлініп отыр деген сауал туады. Облыстық Қоғамдық даму басқармасының деректеріне сәйкес, былтырғы жылы жастарды маусымдық жұмыспен қамту мақсатындағы «Жасыл ел» еңбек жасақтарында

635 адам жұмыс атқарды. Жоба аясында барлық аудан-қалада «Экодекант», «Таза-лық тыншысы», «Жайқалсын жас терек», «Жасыл бақ — таза қала» атты акциялар ұйымдастырып, тазалық шаралары жүргізілді. Сонымен қатар 83 «Бос жұмыс орындарының жәрменкесі» ұйымдастырылып, 4 081 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Бұған қоса, облыс мектептеріндегі өлең-құжық жұмысы жөніндегі менторлар жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдауға, алдағы үлкен өмірге дұрыс қалам жасауға жәрдемдесуде. Бұл да жастар саясатына өзінің он ықпалын тигізіп отыр. Атап өтсек, бүгінде облыстағы менторлық жоба аясында 126 адам еңбек етеді. Олар балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, нашарқорлық пен лудоманияның, суицидтің, буллинг пен кибербуллингтің, зорлық-зомбылықтың алдын алу, жыныстық қол сұғылмаушылықты қалыптастыру, салауатты өмір салты, мамандық таңдау және кәсіптік бағдарлау, креативті ойлау, қаржылық сауаттылық сияқты 9 бағытта жұмыс істейді.

# ДРОНДАР ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

Қазақстанда дронбегілер қатары өсіп келеді. Кешегі батпырауық ұшырған бала қазір әуеден дрон ұшырып жүр. Бүгінде дрон еріккеннің жетегіндегі құрал ғана емес, маңызды салаларда да кеңінен қолданыста таралуда. Тіпті, кейбір индустриялар дронның кесірінен жабылуға шақ. Технологияның шарықтап дамуы адамзаттың дрон дәуіріне қадам басып жатқанын көрсетеді. Дронның отандық салалардағы маңызын білу үшін мамандардан жауап алуға тырысқан едік.

**Әсет ҚАЛИ**

**Мұрат ТЕМІРЖАНОВ,**  
Ауыл шаруашылығы министрінің кеңесшісі:

**ЕГІН ШАРУАШЫЛЫғыНДА РӨЛІ ЗОР**



— Ауыл шаруашылығы — адамзаттың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін маңызды сала. Бұл салада зиянкестермен күрес және дақылдардың өнімділігін арттыру мәселесі үнемі өзекті болып қала береді. Дәстүрлі әдістер көбіне көп еңбекті, уақыт пен ресурсты талап етеді, ал агродрондар осы мәселелерді тиімді шешуі мүмкіндік береді. Олар дәлме-дәл егіншіліктің маңызды элементіне айналып, зиянкестермен күресті онтайландыру арқылы агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуына ықпал етеді.

Агродрондардың басты артықшылықтарының бірі — олардың жоғары дәлдігі. Дәстүрлі тәсілдермен салыстырғанда, дрондар белгілі бір аймақтарға нақты мөлшерде тыңайтқыш немесе пестицид шашуға мүмкіндік береді, бұл химиялық заттардың артық қолданылуын болдырмайды. Бұл өз кезегінде өнім сапасының жоғарылауына және топырақтың тозуын азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар дрондар оператордың араласуын азайтып, жұмыс күшіне жұмсалатын шығындарды қысқартады. Мысалы, үлкен егістік алқаптарын өңдеу үшін көптеген жұмысшы мен техникалық құралдар қажет болса, агродрондар бұл процесті бірнеше есе жылдам әрі үнемді жүргізуге көмектеседі.

Тағы айта кетсем, дрондар пестицидтер мен тыңайтқыштарды тек қажетті жерлерге себу арқылы артық химиялық заттардың табиғи ортаға таралуын шектейді. Бұл өзен-көлдердің ластануын азайтып, экожүйенің тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді. Сонымен қатар агродрондар жер бедері қиын немесе қолжетімсіз аймақтарда да тиімді жұмыс істей алады. Таулы аймақтарда немесе батпақты жерлерде ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу әдетте қиындық тудырады, ал дрондар бұл процесті жеңілдетеді.

Агродрондардың тағы бір артықшылығы ретінде олардың мониторинг және бақылау мүмкіндіктерін ерекше атап өткім келеді. Олар өсімдіктердің жай-күйін қашықтан талдап, аурулар мен зиянкестердің таралуын ерте анықтай алады. Бұл фермерлерге жедел шешім қабылдауға және шығындарды барынша азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар агродрондарды басқа технологиялармен интеграциялау болады. Мысалы, олар жасанды интеллект және үлкен деректерді өңдеу жүйелерімен үйлескенде, өсімдік ауруларының ықтималдығын алдын ала болжауға және ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

**Аманжол ӘЛТАЕВ,**  
Парламент Мәжілісінің депутаты:

**МАЛШЫЛАРДЫҢ БЕЙНЕТІН ЖЕҢІЛДЕТЕДІ**



— Бүгінде ауыл шаруашылығында дрондарды қолдану тиімді деп есептеймін. Себебі, біріншіден, ауыл шаруашылығы техникалары жеткіліксіз. Екіншіден, қолданыстағы



техникалардың әбден тозығы жеткен. Бұл, әсіресе шалғай ауылдар мен жайылым жерлерде үлкен мәселе тудырады. Біздің малшыларымыз төрт түлік бағуда көптеген қиыншылыққа тап болып жатады. Малын апталап жоғалтып, іздеп жатқандары да аз емес. Мысалы, жайылымнан ұзап, алты қырдан асқан жылқыларды табу үшін бірнеше күн уақыт кетеді. Әсіресе, солтүстік өңірлерде бұл қалыпты жағдайға айналған. Осындай сәттерде дронның көмегі өте маңызды. Заманауи дрондар жоғары сапалы камералармен және GPS жүйесімен жабдықталғандықтан, жоғалған малды тез анықтауға мүмкіндік береді. Бұл малшылардың уақытын үнемдеп қана қоймай, жанар-жағармай шығынын да азайтады.

Дронның тағы бір маңызды артықшылығы — қауіпті жағдайлардың алдын алу. Ауа райы қолайсыз кезде немесе қасқыр секілді жыртқыштар малға шабуыл жасаған жағдайда дрон арқылы жылдам әрекет етуге болады. Мұндай технологияның енгізілуі мал шаруашылығының дамуына оң әсерін тигізеді.

Дрондарды мал шаруашылығында ғана емес, егін шаруашылығында да тиімді пайдалану қажет. Аграрлық саласы дамыған елдер бұл технологияны қолданысқа енгізу арқылы көптеген жетістікке жетті. Мысалы, іргедегі Қытайды алсақ болады. Онда дрондар егістік алқаптарын бақылауға, дән себуге, тыңайтқыш шашуға және зиянкестермен күресуге кеңінен қолданылады. Күнделікті әдістермен салыстырғанда, дрондар бұл процестерді жылдам, тиімді әрі шығынды азайта отырып орындайды.

Алайда дрондардың бағасы қымбат болғандықтан, оны кез келген шаруа қожалығы сатып ала алмайды. Сондықтан елімізде ауыл шаруашылығына арналған дрондарды өзіміз өндіріміз қажет. Егер осы бағытта нақты қадамдар жасалса, алдағы уақытта әрбір өңірдегі шаруа қожалықтары дронды қолжетімді бағамен сатып ала алатындай жағдайға жетеміз деп сенемін. Сонымен қатар фермерлерге дрондарды қолдану бойынша арнайы оқыту бағдарламалары енгізілсе, бұл технологияны игеру жеңіл болар еді.

Қорыта айтқанда, ауыл шаруашылығында дрондарды пайдалану — уақыт талабы. Егер осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалансақ, жаңа нәтижелерге қол жеткізеріміз анық.

**Әділет РАХМЕТОЛЛА,**  
дроншы, видеограф:

**ДРОН-ТАКСИ ЖОБАЛАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНУДА**



— Соңғы жылдары елімізде дрондарға деген қызығушылық артып келеді. Жастар ғана емес, кәсіби операторлар, кәсіпкерлер мен ғалымдар да бұл құрылғылардың мүмкіндіктерін кеңінен қолдана бастады. Қазақстан әлем бойынша дронмен видео түсіруде алдыңғы қатарлы елдердің бірі деп санаймын. Себебі күн сайын әлеуметтік желілер мен ақпараттық платформаларда еліміздің көркем табиғаты мен сәулетті қалалары жайлы жоғары сапада түсірілген видеолар жиі таралады. Бұл — тек қызығушылық емес, сонымен қатар

жана технологияларды игеру мен оларды түрлі мақсатта пайдалануға деген үлкен қалам. Дрондарды видео түсіру үшін ғана емес, түрлі салада қолдануға болады. Кейбір дамыған елдерде дрондар тамақ жеткізу қызметін де атқарып жүр. Мұндай технология әсіресе халық көп шоғырланған қалаларда өте пайдалы.

Болашақта дрондардың қолдану аясы одан әрі кеңейе түспек. Қазірдің өзінде дрон-такси жобалары қолға алынып, кейбір елдерде сынақтар жүргізіліп жатыр. Бұл технология әлі толықтай іске қосылмағанымен, жақын арада аспанға көтеріліп, жолаушылар тасымалдайтын дрондарды көріміз ғажап емес. Бүгінде қолмен басқарылатын шағын дрондар ертеңгі күні көлік құралдарына айналуы мүмкін.

Технологияның қарқынды дамуы бізді дрондар дәуіріне бір қадам жақындатып отыр. Қарапайым ойыншықтан басталған бұл құрылғы бүгінде көптеген саланы революцияға ұшыратып, болашақтың ажырамас бөлігіне айналып келеді. Алдағы жылдары дрондар күнделікті өміріміздің қалыптасуына айналып, біз ойламаған жана мүмкіндіктер ашатыны сөзсіз.

**Дастан МҰХАМЕДРАХИМ,**  
дроншы, видеограф:

**ДРОНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТЫЙЫМ КӨП**



— Дрондар әуесқойлар мен кәсіби операторлардың арасында үлкен сұранысқа ие болып, елдегі аэрофото және видео түсірілімінің сапасын жаңа деңгейге көтеруде. Мен осы салада ұзақ жылдан бері жұмыс істеп келемін және бүгінде дейін еліміз бойынша 700-ге жуық шәкірт тәрбиеледім. Бүгінде олардың барлығы жеке дрондарын иеленіп, кәсіби және шығармашылық бағытта белсенді түрде видео түсірумен айналысып жүр.

Алайда дронды заңды түрде пайдалану бірқатар қиындық тудыруы мүмкін. Қазақстан заңнамасы бойынша әрбір сатып алынған дрон міндетті түрде тіркелуі керек. Сонымен қатар белгілі бір аймақтарда видео түсіру үшін арнайы рұқсат алу талап етіледі. Ал бұл процеске ұзақ уақыт кетеді. Әсіресе, мен секілді кәсіби дрон операторлары үшін бұл едәуір қиын. Себебі дрон техникалық құрылғы болғандықтан, көп жағдайда істен шығып жатады. Әр жана дронды қайта-қайта тіркеу — уақыт жағынан тиімсіз.

Бұдан бөлек, Қазақстанда дронмен видео түсіруге қатысты заңнамалық шектеу көп. Кейбір қалалар мен аймақтарда дрон көтеруге мүлде тыйым салынған. Мұндай шектеулер кәсіби түсірілімдерге кедергі келтіретіні сөзсіз. Егер мұндай тыйымдар көбейсе берсе, елдің туристік, мәдени әлеуетін насихаттауымыз қиындай түседі. Көптеген оператор белгілі бір көркем жерлерді түсірмек болғанымен, рұқсат ала алмай немесе тыйым салынуы себепті бұл мүмкін болмай қалады.

Дрон индустриясы енді аяққа тұрғандықтан, шектеулер мен тыйымдарды азайтқан дұрыс деп ойлаймын.



## ЛОТОС ЕНДІ ГҮЛДЕМЕЙ МЕ?

Алматы сияқты тау бөктерінің немесе Көкшетау сынды көк-орай табиғаттың ортасында орналаспаса да, Атырауда табиғаттың талғап берген таңғажайыптары бар. Өркениеттің бірде-бір ізі түспеген Тұздықөл, әлем мойындайтын ғажайып сұлулық — лотос алқабы. Бірақ көп ұзамай Тұздықөл түбімен құрып, лотос алқабы жойылып кетуі мүмкін. Тұздықөл — бөлек талдауды қажет ететін тақырып. Ал лотостың жайы бөлек.

**Баян ЖАНҰЗАҚ,**  
Атырау облысы

Әлемге әйгілі лотос алқабы Атырау облысының Құрманғазы ауданында орналасқан. Алып бара жатқан туристік орын болмаса да, жолдың ұзақтығын ысырып қойып, лотос алқабын тамашалауға туристер жан-жақтан ағылады да жатады. Жеткілікті инфрақұрылым мен қызмет көрсету жүйесінің жоғы түбінде лотос алқабының жойылуына әкеліп соғуы мүмкін.

Сондықтан бұл алқапты қорғап, оны дамыту аса маңызды. Атырау облыстық Мәслихат депутаты Нұрлыбек Даралиев Теңіз ауылдық округінде туризмді дамыту кезек күттірмейтін мәселе екенін айтады. «Дәл қазіргі уақытта экотуризмді дамытуға бағытталған нақты жобалар әзірлеу маңызды. Сондай-ақ табиғи аймақтардың тазалығын сақтау және туристер үшін

өзі ерекше табиғаты бар аудан ғой. Қанша жерден дамып кеттік десек те, табиғат түлеткен сұлулықты сол күйі сақтап қалуымыз керек» дейді жергілікті тұрғын.

Жалпы, әлем бойынша сирек кездесетін лотос гүлі Ежелгі Египетте, Үндістанда және Қытайда ежелден бері ерекше құрметті және қасиетті өсімдік. Бір қызығы, лотос гүлі ежелгі Египетте де экономикалық маңызға ие болған. Оның тамырсабақтары жеуге жарамды деп саналып, картоп сияқты қайнатып жеген. Кей деректерде лотос гүлінің емдік қасиетке ие екені де айтылады.

Еске сала кетсек, Құрманғазы ауданы — жыл сайын лотос гүлдейтін Қазақстандағы жалғыз аймақ. Әдетте әйгілі лотос шілде айының ортасынан тамыздың аяғына дейінгі уақыт аралығында гүлдейді. Лотос алқабы 5 мың гектарға дейінгі жерді алып жатыр. Тіпті, «Қызыл кітапқа» да енген. Жаз мезгілінде лотос алқабын көру үшін



қолайлы жағдай жасау мәселелеріне де назар аудару қажет. Лотос алқабын қорғау және сақтау шараларын жергілікті билік, Үкімет деңгейінде күшейту жұмыстары қолға алынатын болса, туристік қызмет көрсету аясы кеңейер еді. Атырау өңірі үшін табиғатқа зиян келтірмейтін экологиялық туризмді дамыту маңызды. Қиғаш бойындағы лотос гүлдерінің ерекше табиғаты мен сұлулығын сақтау — біздің ортақ міндетіміз. Туризм арқылы бұл аймақтың дамуына серпін бере аламыз, — делі Нұрлыбек Даралиев.

Құрманғазы ауданындағы лотос гүлі алқабы ерекше қорғалуға тиіс. Бұл туралы Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев те мәселе көтеріп келеді.

«Атырау өңірі үшін экотуризмді дамытуға қолайлы екі аймақ бар. Ол — Ақжайық резерваты және Қиғаш бойындағы лотос гүлдер бағы. Әлем бойынша сирек кездесетін лотос гүлдер алқабын көруге жылна 1 000-ға жуық қазақстандық және шетелдік турист келеді. Алайда туристер арасында гүлді жұлып, сындыру фактілері көбеюі салдарынан феноменалды алқап жойылу қаупінің алдында тұр. Сондықтан Экология және табиғи ресурстар министрлігіне Атырау облысы әкімдігі тарапынан лотос алқабына арнайы шараларды қабылдау мақсатында қосымша қадағалау жұмыстарын күшейту бойынша заңдылықтар қарастыру туралы сұраныс жолданды», — делі ол.

Құрманғазылық азамат Аманжол Сағынтайұлының айтуынша, лотос гүлдері — өзіне тән ғажайып ерекшелігі бар табиғат сыйы. «Лотос әр кеш сайын гүлін жауып, таңертең қайта «ояну» үшін судың астына «жасырынады». Ең қызығы, судан шыққан кезде гүл құрғақ болып қалады. Ауыл үлкендері жиі айтатын аңыз бойынша, су неғұрлым лай болған сайын лотос гүлі соғұрлым әдемі болады екен. Құрманғазы

“

«Лотос әр кеш сайын гүлін жауып, таңертең қайта «ояну» үшін судың астына «жасырынады». Ең қызығы, судан шыққан кезде гүл құрғақ болып қалады. Ауыл үлкендері жиі айтатын аңыз бойынша, су неғұрлым лай болған сайын лотос гүлі соғұрлым әдемі болады екен.

күніне 50-100 адамға дейін келеді екен. Қазақстандағы жалғыз лотос алқабы дегеннен шығады, асылында мұндай алқаптар көбіне тропикалық және субтропикалық аймақтарда кездеседі. Бүгінде лотос алқабы, әсіресе Үндістан, Вьетнам, Қытай, Таиланд, Мысыр және Ресейдің Астрахань облысында танымал болып отыр.

Қазір Құрманғазы ауданындағы Қиғаш жағалауында азда-көпті кәсіпкерлік нысандар бар. Алайда олар көрсетіп отырған қызмет сапасы мен түрі Қазақстан ғана емес, әлем елдерінен арнайы келетін туристің бәрінің бірдей сұранысын қамтамасыз етуге қауқарлы емес.

Бір өкініштісі, туристер де кейде табиғат ғаламатының құндылығын бағалай бермейді. Гүлді жұлып алып, суретке түсу үшін табиғат ғажайыбын құрбандыққа шалатындар көп. Тиісті деңгейдегі қоршау да, қорғау да жоқ алапат алқап күндердің күнінде жай ғана батпақты далаға айналмасына сіз де, біз де кепілдік бере алмай отырмыз.

L-motiv ЖШС, БСК 171140034192 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ. Сарайшық ауданы, Р.Қошқарбаев к-сі, үй 54А, пәтер 105. тел. +7 771-072-15-37.

13 АҚПАН 2025 | БЕЙСЕНБІ



## ОТАНДЫҚ ӘРТИСТЕР

# КӨШЕ ШЕРУІНДЕ ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Мәдениет – ел имиджінің бір көрсеткіші. Соңғы уақытта бұл салада жағымды жаңалық көбейіп келеді. Әсіресе, халықаралық аренада бой көрсетіп, өнерімен таңғалдырған қазақстандық өнер өкілдері, мәдени кешендер көп. Жақында Сингапурда өткен Чингай шоуына «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының әртістері де қатысты. Бұл – театр әртістерінің, қала берді еліміздің Азиядағы ең ірі шоуының бірі саналатын шеруге алғаш рет қатысуы.

Чингай шоуы – Сингапур тәуелсіздігінің 60 жылдығына орай ұйымдастырылған шара. Аталмыш мәдени шара алғаш рет 1973 жылы Сингапур мемлекетінің негізін қалаушы Ли Куан Юдің бастамасымен өткен. Содан бері әлемнің назарын ерекше аударған көше шеруіне айналды. Отандық әртістердің де бұл шеруде өнер көрсетуі Қазақстанның Сингапурдағы елшілігінің қолдауымен жүзеге асты.

Ұлттық өнерді таныстыруға аттанған «Астана Опера» әртістері вокалдық және хореографиялық нөмірлерді біріктіретін ерекше бағдарлама дайындаған. Қатысушылар құрамында оркестр әртісі, опера труппасының солистері Назым Сағынтай, Ержан Саипов, жобаның қоюшы-хореографы Сұлтанбек Ғұмар және бірқатар балет әртістері бар. Мұндай мәдени шараларға қазақстандық әртістердің қатысуын жоғары бағалаған Қазақстанның Сингапурдағы елшілігінің бірінші хатшысы Әйгерім Раисова бұл шоуының маңызына тоқталды.

– Сингапур – Қазақстанның оңтүстік-шығыс Азиядағы негізгі серіктестерінің бірі. Саяси тұрғыдан Қазақстан мен Сингапур арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейде екенін білеміз. Ал мәдени байланыстың да берік екенін атап өткім келеді. Мәселен, осы елдегі аса ірі мерекенің бірі Чингай парадына еліміздің әртістері қатысты. Бұл екіжақты мәдени байланысты одан әрі нығайтуға ықпал етеді деп тұжырымдауымызға болады, – деді ол.

Театр әртісі, жобаның жетекшісі Жанар Абдрахманқызы айтулы шараға әлемнің әртүрлі елдерінен мыңдаған актерлер, музыканттар мен бишілер



Чингай шоуы – Сингапур тәуелсіздігінің 60 жылдығына орай ұйымдастырылған шара. Аталмыш мәдени шара алғаш рет 1973 жылы Сингапур мемлекетінің негізін қалаушы Ли Куан Юдің бастамасымен өткен. Содан бері әлемнің назарын ерекше аударған көше шеруіне айналды.

және басқа да шығармашылық ұжымдар қатысқанын айтты. Сондай-ақ «Астана Опера» әртістері «Той бастар» қойылымымен шетелдік көрерменді баурап алғанын тілге тиек етті. Яғни, қойылымда би

арқылы ұлттық ойындар, дәстүрлер мен дала халқының рухани байлығы заманауи бағытта бейнеленген. Қойылымның авторы – HasSak группасы, ал хореограф – Сұлтанбек Ғұмар.

– Былтыр қыркүйек айында Қазақстанның Сингапурдегі елшілігі осы жобаның жетекшілігін ұсынды. Яғни, осы парадта Қазақстанды қалай таныстыру керек екенін ойластыруымыз керек еді. Қыркүйектен бастап, елшілікпен бірге концепцияны әзірлеу бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Парадта не ұсынамыз туралы бірнеше нұсқа болды. Ұзақ уақыт бойы келіссөздер жүргізіп, Сингапур тарапымен онлайн-кездесулер өткіздік. Нәтижесінде, нөмірлеріміз бекітіліп, Чингай парадына қатысатын елдер тізіміне ендік. Мұнда «Астана Опера» театрының талантты әртістерден құралған

топпен келдік. Елімізді Чингай парадында таныстыру – біз үшін үлкен қуаныш, – деді жоба жетекшісі Ж.Абдрахманқызы.

Оның айтуынша, «Астана Опера» әртістері Қазақстанның Сингапурдегі елшілігі жоспарлаған тағы бірқатар мәдени шараға қатыспақ. Айта кетейік, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры – еліміздегі ең ірі өнер ордаларының бірі. Қазір театр әлемдік деңгейдегі опералар мен балеттерді қойып, үздік өнерпаздарды сахнада шығарып жүр. Театр репертуарында казак мәдениетіне тән шығармалардан бастап, әлем классикасына дейін кең ауқымды қойылымдар бар. Азиядағы ірі мерекелік шоуға «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының ұжымымен қатар, Қазақ ұлттық өнер университеті және Қазақ ұлттық хореография академиясының өкілдері көшілік шеруге қатысты. Қазақстандық әртістердің өнері мерекенің маңызды бөлігі болып, ұлттық дәстүрлердің ерекше болмысын және халық өнеріне қазіргі көзқарасты көрсетті.

Айта кету керек, биыл 52-ші Чингай парадына әлемнің әртүрлі елдерінен 11 мыңнан астам әртіс қатысты. Бұл шерудің ерекшелігі – құрылымы мен мән-мағынасында. Шеру басталар алдында қайта өңделген пластикалық пакеттерден жасалған миллиондаған гүл бүршіктері қойылған үлкен стенд қойылған. Ондағы әр гүл Сингапур халқына деген сүйіспеншіліктің, жақсы тілек пен ниеттің мағынасын білдіреді.



## «АЗАМАТ» БАҒДАРЛАМАСЫ КӨРЕРМЕНМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШАДЫ

«Хабар» телеарнасының 30 жылдық мерейтойы қарсаңында Парламент Мәжілісінің, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен «Азамат» бағдарламасы эфирге қайта оралады. Бұл туралы «Хабар» Агенттігінің Басқарма төрағасы Кемелбек Ойшыбаев мәлімдеді.



2000 жылдардың басында «Хабар» телеарнасында көрсетілген «Азамат» интеллектуалды бағдарламасы тұтас бір буынның есінде қалды. Бұл жоба көшбасшыларды тәрбиелейтін, студенттердің шешендік өнерін шыңдап, сыни ойлау қабілетін дамытуға және өз көзқарасын дәлелді қорғауға үйрететін маңызды алаңға айналды. Дәл осы бағдарламадан шыққан түлектер қазіргі таңда мемлекеттік қызметте, білім беру және кәсіпкерлік салаларында ел дамуына үлес қосып жүр.

15 жылдан кейін «Азамат» телебағдарламасы жанартылған форматта көрерменге қайта ұсынылып отыр. Қазақстанның 100 жоғары оқу орнының арасынан пікірсайыс клубтары белсенді жұмыс істейтін 32 университет іріктеліп алынды.

Жанартылған «Азамат» бағдарламасының алғашқы шығарылымы Наурыз мерекесі қарсаңында «Хабар» телеарнасынан эфирге шығады. Бұл – студенттерге өз қабілеттерін танытып, аналитикалық және шешендік өнерлерін паш етуге берілген бірегей мүмкіндік.

## ВОЛОНТЕРЛІК ТАҚЫРЫБЫНДА ДӘРІС ОҚЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі студент жастардың қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық пен гуманизм құндылықтарын қалыптастыруға және дамытуға арналған ашық дәрістер циклін бастады.



Осы бастама аясында еліміздің жоғары оқу орындарында қайырымдылық және волонтерлік ұйымдардың басшылары дәріс оқиды. Олар өз тәжірибелерін бөлісіп, волонтерлік істің маңызы туралы әңгімелейді. Дәріс Астанада басталып, оқу жылының соңына дейін еліміздің барлық өңірлерін қамтиды.

– Интернеттегі ашсақ, көптеген негативті ақпаратты көреміз. Балалар төбелесіп жатады, қатігездікке барады. Бірақ осындай іс-шаралар балалардың бойына мейірімділікті сіңіруге үлес қосады. Жалпы, елімізде волонтерлыққа үлес қосқысы келетін жастар көп. Жылдан жылға саны артып келеді, – дейді «Жасұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының атқарушы директоры Ақнұр Тұрдалова.

Айта кету керек, Қазақстанда 755 волонтерлік ұйым, 2 мың бастамашыл топ және 275 мың белсенді волонтер жұмыс істейді. Олардың ішінде 3,5 мың «күміс» волонтер, яғни 55 жастан асқан өрікті бар. Былтыр «Игі істер марафоны» жобасы аясында 7 000 игі іс жасалып, оған 50 мыңға жуық адам қатысты.

## ІСМЕР ӘЖЕЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ісмер әжелері «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы айында мектеп оқушыларымен кездесу өткізді.

Астана қаласындағы № 73 физика-техникалық мектептің 9 «Е» сынып оқушыларына шеберлік сабағы берді. Сабақ барысында әжелер тігіншілік өнердің қыр-сырына тоқталып, қыздарға өлшеп пішуді көрсетіп, белдемше тігуді үйретті. Сабақтың негізгі мақсаты соңғы кезде сұранысқа ие тігінші мамандығын насихаттап, қыздарды қол өнерге баулу еді.

Арт-терапия үйірмесінің шеберлері Майшөкер Жаннатова мен Тұрдыгүл Сүлейменова тігінші – шығармашылық мамандық иесі екенін және өнерлі адамның әрдайым табысты болатынын баса айтты. Сабақ соңында сынып жетекшісі Раушан Тайманқызы ұрпақ тәрбиесіне араласып жүрген белсенді әжелерге алғысын білдіріп, мектеп қабырғасына жиі келіп тұруларын сұрады.

9-сынып оқушылары Саида Мақсатова мен Тоғжан Тулеуова тігіншілік – қол мен қиялдың еңбегі екенін және мамандықты бала кезден армандау керектігін айтты.

Мамандыққа баулуға бағытталған шеберлік сабағы жоғарғы сынып оқушылары үшін пайдалы ақпарат болды.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

NUR MEDIA  
МЕДИЯКОМПАНИИ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баһи ЖАНЖАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4557

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,